

6



Карыздан
күтүлудың
7 қадамы

Көптеген адамдар өмірлерінің әлдебір кезеңінде қаржылық берешек жағдайына тап болып жатады. Бұл ешкімге де жағымды емес, бірақ осы жағдайдың өмірімізде орын алып жататыны өтірік емес. Әрине, бұл жерде пайыздарымен және дінге қарама-қайшы келетін мақсаттарға жұмсалатын несиeler мензеліп отырған жоқ.

Теменде сүннетке сай қарыз ауыртпалығынан тезірек құтылудың жеті жолын келтіреміз:

1. Қарыздан тезірек құтылу үшін айтылатын дұға.

Сахаба Әнәс (р.а.) Алла Елшісінің (с.а.у.) әр намаз соңында, сәлем берудің алдында, қарыз үшін Алладан пана сұрайтынын жеткізген. Неліктен мұны жиі жасайтынын сұрағанда, Алла Елшісі (с.а.у.) былай жауап берген: «Адам қарыз алғанда, өтірік айта бастайды және өз уәделерін бұзады».

Дұғасының сөздері келесідей еді:

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْمُأْتَمِ وَالْمَغْرَمِ

Аллахумма инни аузубикя миналь масами уал-маграм

Уа, Алла, күнә мен қарыздан Сенің қорғауынды сұраймын.

2. Алла Елшісі (с.а.у) Муаз ибн Жабалға (р.а.) қарыздарынан құтылу үшін келесі дұғаны үйреткен:

اللَّهُمَّ مَالِكَ الْمُلْكِ، تُؤْنِي الْمُلْكَ مَنْ تَشَاءْ وَتَبْرِيْعُ الْمُلْكَ مِمَّنْ تَشَاءْ، وَتُنْزِلُ مَنْ تَشَاءْ وَتُنْذِلُ مَنْ تَشَاءْ يَبْدِيكَ الْحَيْ، إِنَّكَ عَلٰى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، رَحْمَنُ الدِّنِيَا وَالْآخِرَةِ تُعْطِيهِمَا مَنْ تَشَاءْ وَتَمْنَعُ مِنْهُمَا مَنْ تَشَاءْ، إِرْحَمْنِي رَحْمَةً تُعْنِيْنِي بِهَا عَنْ رَحْمَةِ مَنْ سِوَاكَ

Аллахумма Маликаль-Мульк, тутиль-мулька ман таша-у уа танзи уль-мулька мимман таша у уа ту'иззу ман таша-у, уа тузиллю махташа-у, бийядикаль-хайру иннакя аля кулли шайнин кадир. Рахмана д-дуңыя уаль-ахыраки тутихима ман таша-у уа тамна'у минхума ман таша-у ирхамни Рахмата м-мин индик тугнинибиха ар-Рахмати м-ман сиуак.



Уа, Алла, Сен құдіретке иесің. Сен қалағаныңа билік бересің әрі қалағаныңнан оны аласың және де Сен қалағаныңды құрметке бөлейсің. Бар нығмет Сенің қолында. Расында, Сен кез келген нәрседен мықтысың. Сен күнге өтетін түнді жараттың, түнге өтетін күнді жараттың. Сен жансыздан жанды жасайсың әрі қалағаныңды жансыздандырасың. Және де Сен қалағаныңа шексіз ризық пен байлық сыйлайсың. Уа, осы және келесі дүниенің Қайырымдысы, Сен Өз Мейірімінді қалағаныңа беріп, қалағаныңнан аласың. Өзіңнің билігінен басқа кез-келген биліктен мені тәуелсіз ететін мейірімінді маған төкші.

Алла Елшісі (с.а.у.) Муазға (р.а.) тағы былай айтқан: «Егер сен осы дұғаны оқысаң, сен қарыздарыңнан құтыласың, тіпті егер олар Ухуд тауының көлеміндей болса да». Хафиз әл-Хайтами (рахимахулла) осы хадисті жеткізгендерді сенімді деп санаған, ал ғалым Мунзири (рахимахулла) бұл хадистің иснадын жақсы деп тапқан. Басқа бір хадисте Алла Елшісі (с.а.у.) ұқсас дұғаға Әбу Бәкірді (р.а.) үйреткендігі келтірлген.

Иbn Аbi Шейбаның риуаятында Абдулла ibn Сабит Алла Елшісінің (с.а.у.) келесі сөздерді өзі оқып, оған үлкен мән бергендігін келтірген:

اللَّهُمَّ فارِجِ الْهَمَّ كَاشِفَ الْعَمَرِ مُحِبِّ دَعْوَةِ الْمُضطَرِّينَ، رَحْمَنُ الدِّنِيَا وَالآخِرَةِ وَرَحِيمُهُمَا، إِرْحَمْنِيَ الْيَوْمَ رَحْمَةً وَاسِعَةً تُعْيَّنُ بِهَا
عَنْ رَحْمَةِ مَنْ سِواكُ

*Аллахумма фариджаль хамми кашифаль гамми муджиба да'уатиль мудтарин,
Рахмана д-дуңья уаль-ахырати уа Рахимахума ирхамниль йаума Рахматан
уси'атан түгнинибиха 'ар Рахмати ман сиуак.*

3. Әли (р.а.) Алла Елшісінің (с.а.у.) келесі дұғаны қарыздардан құтылу үшін айтуға кеңес бергенін келтірген:

اللَّهُمَّ اكْفِنِي بِخَلَالِكَ عَنْ حَرَامْكَ، وَأَغْنِنِي بِفَضْلِكَ عَمَّنْ سِواكُ

Аллахумак фини би халялика ан харамик уа агнини би фадликя амман сиуак.

*Уа, Алла, маған рұқсат етілген ризық беріп әрі тыйым салынғаннан сақташи.
Және де Өз мейірімімен Өзіңнің билігінен басқаның бәрінен
тәуелсіздік сыйлашы.*



4. Эбұ Даудтың Сунанында жазылған хадисте Эбұ Саид (р.а.) Алла Елшісі Мәдіне сахабалары - ансарларды үлкен қарыздарын өтеу үшін келесі дұғаны үйреткендігін айтқан:

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْهَمِّ وَالْحَزَنِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ الْعَجَزِ وَالْكَسْلِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ الْجُنُبِ وَالْبُخْلِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ غَلَبَةِ الدِّينِ وَقَهْرِ الرِّجَالِ

Аллахумма инни аузубика миналь хамми уаль-хазан, уа аузубика миналь-аджзи уаль-касл, уа аузубика миналь-джубни уа бухль, уа аузубика мин галябати д-даин уа қахрир-риджаль.

Уа, Алла, уайым мен қындықтардан Саған сиынамын, қабілетсіздік пен жалқаулықтан Саған сиынамын, қорқақтық пен сараңдықтан Саған сиынамын, қарыздардың көптігінен және басқа адамның жәбірінен Саған сиынамын (Эбұ Дәуд, хадис 1550).

Бұл дұғаны таңертең және кешке оқыған абзал.

5. Келесі сөздерді жиі айтып жүріңіздер:

لا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللهِ

Лә хауля уа лә куууата иллә билләһ

Алладан басқа ешкімде күш те, құдірет те жоқ.

6. Қайта-қайта истиғфар (жарылқау тілеу) жасау қаржылық және басқа да мәселелерден құтылуда мықты құрал болып табылады.

Алла Елшісі (с.а.у.) былай айтқан: «Кімде-кім бұлжытпай истиғфарды («Астағфирулла» деген сөздері бар дұғаны) қайталаса, Алла оның әрбір қындығын жеңілдетіп, кез-келген мазасыздығын сейілтеді және ол білмеген жерден Алла оған несібе нәсіп етеді».



7. Ең бастысы – шынайы ниетте болу.

Барлық қарыздарыңды төлеу үшін - бар күш-жігерінді салуға тырысу қажет. Кімде-кім шынайы түрде қарыздарынан құтылғысы келсе, хадисте оларға Алланың көмегі уәде етілгендейі келтірілген.

Алла Тағала бізді қарыздардан сақтасын. Эмин!

Бұл чек-листте жазылған барлық ақпараттар islam.kz сайтынан алынған.

